

Ақмола облысы білім басқармасының
жанындағы «Есіл қаласы, агротехникалық
колледжі» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Государственное коммунальное казенное
предприятие «Агротехнический колледж,
город Есиль» при управлении образования
Акмолинской области

БҰЙРЫҚ

24.05.2023 ж.
Есіл қаласы

ПРИКАЗ

№ 43
город Есиль

Еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек
кодексінің 159-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясы келесі құрамада
құрылсын:

Жұмыс берушіден:

1. Н.Ц.Гойко- директордың өндірістік-оқыту жөніндегі орынбасары;
2. Н.Т.Кузенов-шаруашылық меңгерушісі;
3. В.Ю.Чернецкий- аға шебер.

Жұмыскерлерден: (жұмыскерлердің жалпы жиналысының 2023 жылғы «24»
мамырдағы № 1 хаттамасы):

1. А.Д.Губайдулина- өндірістік оқыту шебері;
 2. О.М.Фазилова-кәсіподақ комитетінің төрайымы;
 3. Р.С.Ткачев- өндірістік оқыту шебері.
2. Еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясы туралы ережені бекіту
және қолданысқа енгізу (қосымша).
3. Комиссияға жеке еңбек дауларын қараудың барлық рәсімдеріне қатысуға,
оны реттеу бойынша шешім қабылдауға құқық берілсін.
4. Комиссия өз жұмысына 2023 жылғы «25» мамырдан бастап кіріссін.
5. Отырыстар өткізу үшін және куәгерлерді, мамандар мен сарапшыларды
шақыру үшін, Комиссия мүшелеріне жұмыстан бос уақыт берілсін.
6. Комиссия төрағасы мен хатшысының сұратуы бойынша құрылымдық
бөлімшелердің басшылары сұрату тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күнінің
ішінде барлық қажетті құжаттар мен материалдарды берсін.
7. Комиссияға қажетті оргтехникасы бар үй-жай берілсін.
8. Жұмыскерлерді таныстыру үшін Комиссия құрамы ақпараттық стендте
орналастырылсын.
9. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



В. Уткин